

"Авиациялық қауіпсіздік қызметі мамандарын, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның авиациялық қауіпсіздік және ұшу қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі лауазымды адамдарын даярлау және қайта даярлау бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 26 тамыздағы № 385 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 28 сәуірдегі N 239 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 26 мамырда N 6973 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің м.а. 2014 жылғы 3 маусымдағы № 347 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің м.а. 03.06.2014 № 347 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің норма шығару жұмысын жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Авиациялық қауіпсіздік қызметі мамандарын, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның авиациялық қауіпсіздік және ұшу қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі лауазымды адамдарын даярлау және қайта даярлау бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2010 жылғы 26 тамыздағы № 385 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6501 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2010 жылғы 16 қазандағы № 427-428 (26271) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Авиациялық қауіпсіздік қызметі мамандарын, азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның авиациялық қауіпсіздік және ұшу қауіпсіздігі мәселелері жөніндегі лауазымды адамдарын даярлау және қайта даярлау бағдарламасында:

8-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) әуежайлар мен авиакомпаниялардың бірінші басшыларын (авиациялық қауіпсіздік қызметінің басшылары, авиациялық қауіпсіздік жөніндегі жауапты адам), уәкілетті орган қызметкерлерін қайта даярлау (оқыту) ИКАО авиациялық қауіпсіздік бойынша оқу орталықтарында немесе уәкілетті орган сертификаттаған авиациялық оқу орталықтарында жүргізіледі. Оқыту авиациялық оқу орталығы әзірлеген жұмыс оқу бағдарламасы көлемінде

жүргізіледі, тақырыптық мазмұны және көлемі осы Бағдарламадағы 4-қосымшада көрсетілген типтік сызбалық бағдарламаға сәйкес келуі тиіс;»;

18-тармақтың 1) тармақшасының бірінші абзацы мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«1) алғашқы даярлау - жұмысқа орналасқан сәттен бастап үш күнтізбелік айдан көп емес уақытта уәкілетті органның маманының басшылығымен жұмыс орнында өткізіледі. Даярлаудың аталған түрі мыналарды қамтиды:»;

12-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Азаматтық авиация комитеті (Р.Ө. Әдимолда) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі А.Ғ. Бектұровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *Б. Камалиев*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
К ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я
м и н и с т р і н і ң
2 0 1 1 ж ы л ғы 2 8 с ә у і р д е г і
№ 2 3 9 б ұ й р ы ғ ы н а
Қосымша
" А в и а ц и я л ы қ қ а у і п с і з д і к
қызметі мамандарын, азаматтық
авиация саласындағы уәкілетті
органының авиациялық қауіпсіздік
және ұшу қауіпсіздігі мәселелері
жөніндегі лауазымды адамдарын
даярлау және қайта даярлау
бағдарламасына 12-қосымша

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ	РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
оқу орнының атауы	название учебного заведения
<h2 style="margin: 0;">СЕРТИФИКАТЫ</h2> <h3 style="margin: 0;">СЕРТИФИКАТ • CERTIFICATE</h3> <p style="margin: 0;">№ _____</p> <h4 style="margin: 0;">АВИАЦИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖӨНІНДЕГІ МАМАН</h4> <h4 style="margin: 0;">СПЕЦИАЛИСТА ПО АВИАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ</h4> <h4 style="margin: 0;">AVIATION SECURITY SPECIALIST</h4> <p style="margin: 0;">Мамандану: "Ұшу алдындағы тексеру"</p> <p style="margin: 0;">Специализация: "Предполетный досмотр"</p> <p style="margin: 0;">Speciality: "Pre-flight Screening"</p>	
1. _____	тегі / фамилия / name
2. _____	аты / имя / given name
3. _____	өкесінің аты / отчество / middle name
4. _____	кәсімі, лауазымы / должность / position
5. _____	заманаты / гражданство / citizenship
<p>6. Оның иесі біліктілігін арттыру курсынан өткендігі, авиациялық қауіпсіздік саласындағы жұмысқа қажетті білім игергендігі жөнінде берілді. Осы аталған мамандану бойынша Азаматтық авиацияны заңсыз әрекеттерден қорғау туралы нормалардың, ережелер мен рәсімдердің орындалуын талап етуге құқығы бар.</p> <p>Выдан в том, что его владелец прошел курс повышения квалификации, обладает знаниями, необходимыми для работы в области авиационной безопасности. Имеет право требовать соблюдения норм, правил и процедур по защите Гражданской Авиации от актов незаконного вмешательства по названной специализации.</p> <p>This is Certify the holder has completed the Qualification Course and have knowledge that are necessary for work in the field of aviation security, the holder have the right to demand to observe the norms, rules and technologies aimed on defense of Civil Aviation against acts unlawful interference according to his speciality.</p>	
7.	Сертификат берілді / Сертификат выдан / Certificate issuing « _____ » _____ 20 _____
8.	Сертификат _____ жылға дейін жарамды Срок действия сертификата _____ года Certificate is valid for _____ years
M.O. M.P. P.S.	оқу орны басшысының қызметі, қолы, Т.А.Ә. / должность, подпись, Ф.И.О. руководителя учебного заведения / the leader's position, signature, S.N.P. of educational institution
M.O. M.P. P.S.	уәкілетті органның лауазымы туралымен келісіледі (лауазымы, қолы, Т.А.Ә.У) согласно с должностным лицом уполномоченного органа (должность, подпись, Ф.И.О.У) concerted official the civil aviation administration (position, signature, S.N.P.)